

ОЗАТ ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ – БОЛАШАҚТА

Бүгінгі білім бәсекесінің шынар биіктен көрінген шағында мәңгілік елдің мәртебелі ұрпағын тәрбиелеу үшін мұғалімдердің жауапкершілігі еселей түсуі керек. Бұл орайда білім саласына деген ұстанымды жетілдіріп, оқу үдерісіне заманауи әдіс-тәсілдер енгізу қажет. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы оқ бойы озық елдердің қатарынан орын алуды меже тұтқан бағдарламалардың бірі саналады.

Бағдарламалық мақаланың жарияланғанына бір жылдан астам уақыт өтті. «Не өзгерді?», «Күтілетін нәтиже қандай?» деген сұрақтар төңірегінде ой өрбітпекпін.

Білім саласына қатысты аталмыш бағдарлама «Тәрбие мен білім» кіші бағдарламасы аясында «Өлкетану», «Саналы азамат», «Отаным – тағдырым» базалық бағыттары бойынша жүзеге асырылуда. Бастапқыда іс-шараларды нақтылап, тақырыбын анықтаған соң жоспарлы түрде іске кірісуге болатындай көрінді. Алайда зерделей келе жергілікті өңірде оқу-тәрбие үрдісіне қатысушы барлық тұлға бағдарламаны дұрыс қабылдауы керек екенін, бұл бағытта түсіндіру жұмыстарын жүргізу керектігін бағамдадық. Бағдарламаны жете түсініп, әр мекеме, әр тұлға жобаның



сананы жаңғыртудағы орнын, жаңашылдығы мен өміршеңдігін сезіне білуі керек.

Бүгінгі таңда облысымызда 165 жоба жүзеге асырылып жатыр. Соның 84-і «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасына тиесілі. Осы уақыт аралығында біршама жүйе қалыптасып, бағыт-бағдар айқындалды. Оған облыстық «Рухани жаңғыру» жобалық офисі жанында орта және кәсіптік білім беру мекемелерінің, жоғары оқу орындарының мұғалімдері мен оқытушыларынан құрылған 22 адамнан құралған жұмыс топтары мен облыстық білім беру басқармасы мұрындық болып отыр.

Ең алдымен, бағдарламаны жүзеге асыруда білім саласының мамандарын мейлінше көбірек қамту үшін облыс бойынша бірыңғай педагогикалық кеңес өткізілді. Оған жобалық офис тарапынан 32 спикер жетекшілік жасады.

Сәйкесінше, қамтылған оқушылар да көбейіп келеді: мектептерде – 45 000 оқушы, колледждерде – 4 200 студент, жоғары оқу орындарында – 16 200 студент. Бұған негіз – ұсынылған жобалар.

«Асық ойнайық!», «Мектебіме тағзым», «Ұлы дала поэзиясы», «Ертістің бойындағы киелі жерлер», «Жас волонтер», «Шегарасыз театр», «Тарих толқынында», «Көнеден жеткен күмбезді әуез» және т.б көптеген жобаларды атап өтуге болады.

Атап айтар болсақ, «Асық ойнайық» жобасы мектепке дейінгі мекемелерде «Асық Pati» айдарымен бастау алып, орта білім саласында жалғасын тауып келеді. Оның облыстық турнирге ұласуы ұлттық



ойынымызға деген қызығушылықтың артқанын көрсетеді. Оқушылар асық жинау акциясына белсене қатысып, мектептерде үзіліс уақытында асық иіруді дәстүрге айналдырған, ұлттық мектептермен бірге орыс тілінде оқытатын мектептерде де асық ойнау үйірмелері ашылған. 2020 жылы әр мекемеде үйірме ашып, 2025 жылы жаппай асық ойнай білетін үздік мектепті анықтау мақсат етіледі.

Білім саласында адал еңбектің шынайы қайтарымы ұстазынан озған шәкіртінен, білдірген алғыс-ілтпатынан көрінеді. Осы ретте табысты мектеп түлектерінің кіші отанына қолдау көрсету, кезінде өздері оқыған алтын ұя мектептеріне ризашылығын білдіру мақсатында жүргізіліп жатқан «Мектебіме тағзым» атты жобасы халық арасында қолдау тапты. Үндеуге 800-ге жуық түлек атсалысып, мектептерге 200 млн теңгеден астам қаражат түсті.

Аймағымыздағы білім беру мекемелерінде жергілікті демеушілер есебінен «Рухани жаңғыру» кабинеттерін ашу көзделуде. Ол үшін білім басқармасы тарапынан арнайы талаптар бекітілген. Осы кезге дейін мектептерде 5, қосымша білім беру мекемелерінде 2, кәсіби білім беру мекемелерінде 16 кабинет ашылды.

Бағдарлама аясында көптілділік білім беру үшін жазғы демалыс уақытында Баянауылдағы «Ел қоныс» лагерінде «Тіл керуені» жобасы, 30 отбасына арналған

«Жексенбілік тіл мектебі» жұмыс істейді.

Павлодар облысы мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасымен бірлесіп ұйымдастырған «Шегарасыз театр» әлеуметтік жобасы мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдап, оңалту мақсатын көздейді. Балалар «Бремен музыкантары» атты қойылымды сахналады.

«Ертістің бойындағы киелі жерлер» атты жобасы бойынша қосымша білім беретін мекемелердегі балалар аймағымыздағы 41 киелі жерге (оның бесеуі республикалық реестрге енген) орындарға саяхат жасап, қағаз бетіне қылқаламмен әрледі.

Балалар ерекше қызығушылық танытқан жобалардың бірі – «Ұлы дала поэзиясы». Жобаға орыс тілінде оқитын балалар қатысып, еліміздегі белгілі ақындардың шығармаларын онлайн арқылы жатқа оқып, эстафетаны әрі қарай жалғастыруымен ерекше болды.

Аталмыш жобалар басшылық не құзырлы орындар тарапынан талап ететін кезекті жобалардың бірі емес. Шындығында, әр жобада рухани құндылықтарды жаңғырту көзделген. Олар сонысымен де құнды.

Жоғарыда көрсетілген жобалар – атқарылып жатқан жұмыстардың

бір пұшпағы ғана. Білім саласына қатысты іс-шаралар мен ұсынылып жатқан жобаларды сараптамалық кеңесте таңдап, талдаған кезде балалар мен жасөспірімдерді жан-жақты дамыту, ұлттық құндылықтар, дәстүр, тіл, туған жерге деген сүйіспеншілік, сандық технология, бизнеске қатысты дағдыларды қалыптастыру көзделеді. Екінші жартыжылдықта «Kids modernizations» «Мобиль Формат орталық – жанұям», «Павлодар SITU camp», «Ертіс ағымында» және т.б. жобалар жүзеге аспақ.

Бүгінгі таңда әр ұстаз болашағымыз қазіргі балабақша, мектеп қабырғасында тәлім-тәрбие алып жатқан балаларда екенін түсінеді. Болашақ бүгін қаланады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр», – деген еді. Ендеше, келешекте ел тізгінін ұстайтын ұрпақты рухани құндылықтарымызды сіңіре отырып, заманауи ағымда тәрбиелеп-өсіру жолында аянбай еңбек етуіміз қажет.

Самал АЙТҚАЗИНА,
Павлодар облысы бойынша
«Рухани жаңғыру» жобалық
офисінің менеджері

АННОТАЦИЯ

В Павлодарской области в рамках программы «Рухани жаңғыру» создан региональный проектный офис, где ведется комплекс мероприятий по реализации идей Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева, отраженных в программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». В учебно-воспитательном секторе Павлодарской области глубоко осознают важность статьи Главы государства и активно участвуют в претворении в жизнь озвученных идей.